

**З.А. Абдуллина, Т.Қ. Зайсанбаев, Б.Н. Канленова**  
*С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті,  
 Қазақ тілі және кәсіби қазақ тілі кафедрасы*

### ТІЛ ҮЙРЕТУДЕ АУДАРМА ТӘСІЛІН ҚОЛДАНУ

*З.А.Абдуллина, Т.Қ.Зайсанбаев және Б.Н.Канленованың «Тіл үйретуде аударма тәсілін қолдану» атты мақаласында орыс тілді дәрісханаларда қазақ тілін меңгерудің бір тәсілі – аударма тәсілі туралы сөз болады. Авторлар қазақ тілін меңгертуде аударма тәсілін қалай қолдану керектігіне жан-жақты тоқталады. Болашақ маман өзінің мамандығына қатысты терминдерді білуі тиіс. Оны тест тапсырмалары арқылы тексеруге де болады. Авторлар оның бірнеше тәсілін көрсетеді. Аударма тәсілін тест тапсырмаларында қолдану барысында студенттің болашақ мамандығына қатысты терминдерді, кәсіби сөздерді, синтаксистік оралымдарды қаншалықты деңгейде білетінін анықтауға болатынын авторлар нақты дәлелдейді. Сондай-ақ тұтас мәтіндерді аударту арқылы студенттердің өз ойларын жазбаша түрде жеткізе алуына ықпал етуге болатыны мақалада толық ашылып көрсетілген. Авторлар аударма жасау барысында әр тілдің өзіне тән синтаксистік құрылысына, ұлттық сөз саптау ерекшеліктеріне баса мән беру керектігіне нақты дәлелдер келтіреді.*

**Түйінді сөздер:** *сөз тіркестері, мәтін, тест тапсырмалары, аударма, аударма тәсілі, тілдік ерекшелік.*

**Зерттеу мақсаты:** Студенттің болашақ мамандығына қатысты сөздерді, сөйлемдерді, мәтінді аударма білуі керек.

**Зерттеу әдістері:** әртүрлі мәтіндерден алынған мысалдар, түсіндіру, тест тапсырмаларын орындату және т.б. ұйымдастыру, шығармашылық, ізденіс, қорытынды жасау

**Кіріспе:** Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болған кезінен бастап қазақ тілін оқыту әдістемесі де жыл өткен сайын жақсарып, дамып келе жатқаны белгілі. Сонымен бірге басқа ұлт өкілдерінің мемлекеттік тіл – қазақ тіліне деген көзқарастары өзгеріп, тілге деген құрметтері арта түсті. Дегенмен, мемлекеттік тілге деген қажеттілік өз деңгейінде болмауы және қалалық жерлерде қазақ тілінің күнделікті тұрмыста кең қолданыста болмауы мемлекеттік тілдің тиісті дәрежеде дамуына ықпал етпей отыр.

Орыс мектебін бітірген қандастарымыздың да, өзге ұлт өкілдерінің де ауызекі сөйлеу деңгейлері әлі де нашарлау. Оның басты себебі орыс мектептерінде қазақ тілін оқытуда қазақ тілінің грамматикасына көп көңіл бөлінеді де, ауызекі сөйлеу тілі көбінесе назардан тыс қалып жатады. Ал тілдің өмір сүру формасы ауызекі сөйлеу тілі екенін ескерсек, бұл мәселе ең бірінші орында тұруы тиіс. Өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілде өз ойларын еркін жеткізе алмауының себебі неде деген сұраққа жауап беру үшін ғалым Ә.Жүнісбектің пікіріне назар аударайық. Ол мұның себебін былай деп түсіндіреді: «Қазіргі кездегі оқулықтар да, әдістеме де, мұғалім де қазақ тілін ана тілі ретінде үйретуге икемделіп дайындалған. Себебі, мұғалімдер дайындайтын оқу орындары қазақ тілін тек ана тілі ретінде оқытатын мұғалімдер дайындап келеді. Сондықтан олар оқу сыныбына (аудиториясына) келеді де грамматиканы жаттатудан бастайды. Айналып келгенде бала ережені біліп-ақ тұр, бірақ сөйлеуге дәрмен жоқ. Оқытушының да, оқушының да қыруар еңбегі тіл үйрету мен тіл үйренуге емес, грамматиканы жаттату мен жаттауға босқа сарп болуда. Ал бізге болса, қазақ тілін «екінші» (ана тілі емес) тіл ретінде үйрететін оқу-құралдары, әдістеме мен мұғалімдер керек. Ендеше, әрекеттің басы қазақ тілін грамматикасыз оқытатын оқулықтар, әдістемелер мен мұғалімдер дайындау болу керек» [1].

Сондай-ақ профессор Ә.Жүнісбек өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін меңгеруін төрт деңгейге бөліп қарайды: 1-деңгей - ауызекі-тұрмыс тілі (разговорно-бытовая речь), 2-деңгей - оқушылар үшін ауызекі-пән тілі (разговорно-предметная речь), 3-деңгей - ауызекі-іскери тіл (разговорно-деловая речь), ауызекі-әдеби тіл (разговорно-художественная речь) [1]. Ә.Жүнісбек көрсетіп отырған деңгейлердің біріншісі мен екіншісі мектеп оқушылары үшін болса, үшінші және төртінші деңгейі жоғары оқу орындары студенттері мен қызметкерлер үшін қажет.

Жоғары оқу орындарында білім алушы студенттер өздерінің болашақ мамандықтарына қатысты қазақ тілін, яғни кәсіби тілді меңгеруі тиіс. Кәсіби тіл дегеніміз де айналып келгенде осы ауызекі сөйлеу тілінің бір саласы. Мәселен, дәрігер мен науқас арасындағы диалогта да күнделікті тұрмыста қолданылатын сөздер айтылады. Айырмашылығы медицинаға қатысты терминдер, сөз тіркестері, синтаксистік оралымдар болуы мүмкін. Медициналық терминдер, дене мүшелерінің атауына келетін болсақ, науқас та, дәрігер де сөйлесу барысында көзге көрінетін немесе кез келген қарапайым адам білетін мүшелер мен ағзалар туралы ғана айтуы мүмкін. Ішкі мүшелері ауыратын адамның «өтім ауырады», «бауырым ауырады» немесе «тоқ ішегім ауырады» деп айтуы мүмкін емес. Науқас «мына жерім ауырады» деп қолымен көрсетуі мүмкін. Дәрігер «қалай ауырады?», «қайтіп ауырады?» деген сияқты сұрақтар қою арқылы оған нақтама (диагноз) қояды. Әрине, ары қарай науқастың қанын, зәрін зертханалық тексеруден өткізу арқылы, сондай-ақ әртүрлі медициналық құрал-жабдықтардың көмегімен дәрігер өзі қойған нақтамасының дұрыс немесе дұрыс еместігіне көз жеткізеді. Науқасты қай бағытта тексеру керек екендігін анықтау үшін алдымен онымен сөйлесудің маңыздылығы осында. Кез келген адам өзінің жай-күйін ана тілінде оңай әрі нақты жеткізеді, сондықтан медициналық білімді орыс тілінде алған студент қазақ тіліндегі ауру атауларын, олардың белгілерінің қазақ тілінде айтылу ерекшеліктерін білуі тиіс.

Аурудың белгілері адамзат баласына ортақ болғанымен, оны сипаттап беру әр тілде әр қилы болуы мүмкін. Мысалы, қазақ тіліндегі «жүрегі айну», «жүрегі сазу» сөз тіркестері жүректің ауруын білдірмейді, ас қорыту ағзасының ауруын, дәлірек айтқанда, асқазанның ауруын білдіреді. Қазақ тілінің осындай ерекшелігін тіл үйренушіні қойып, тіл мамандары да кейде ескермейді. Мысалы «Алматы ақшамы» газетінен «науқастың асқазаны айниды» [2, 4] деген сөз тіркесін кездестірдік.

Жоғары оқу орындарында орыс тілді аудиторияда қазақ тілінің оқыту барысында болашақ мамандардың мамандықтарына қатысты мәтіндер пайдаланылады. Мәтіндерді оқу, аудару, сондай-ақ мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру арқылы олар сөздік қорларын болашақ мамандықтарына қатысты сөздермен, терминдермен, сөз тіркестерімен және синтаксистік оралымдармен толықтырады. Мәтінді қазақ тілінен орыс тіліне

аударатындықтан, бұл оларға аса көп қиындық келтірмейді. Дегенмен, көп жағдайда кейбір оқытушылар мәтінді жатқа айтуға баса көңіл бөліп, олардың мәтінді дұрыс түсінген-түсінбегеніне назар аударма бермейді. Тіл үйренуші мәтіндегі ойды түсініп, соны қысқаша өз сөзімен мазмұндап беруге тиіс. Сонда ғана мәтінмен жұмыс өз нәтижесін бермек.

Енді тіл үйретуде аударма тәсілін қолдану туралы сөз қозғайық. Жоғарыда мәтінмен жұмыс істегенде тіл үйренушілер мәтінді қазақ тілінен орыс тіліне, яғни өз ана тілдеріне аударатынын айттық. Бұндай тапсырманы орындау аса қиындық тудыра қоймайды, себебі тіл үйренушілер кейбір сөздер мен сөз тіркестерінің аудармасын білгендіктен қисынын келтіріп, мөлшерлеп мағынасын аударып беруі мүмкін. Енді бұл тапсырманы күрделендіріп, керісінше орыс тілінен қазақ тіліне аударуға тапсырма беруге болады. Ал тіл үйрену кезінде үйреніп жатқан тілге аудару оңай емес. Ол үшін сол тілдің заңдылықтарын жақсы меңгеру қажет. Осындай аударма жұмыстары үшін қысқаша мәтіндер немесе сөйлемдер беруге болады.

Төменде кейбір тапсырмалар түрінің үлгісін ұсынбақшымыз.

Мысалы:

Мына терминдерді қазақ тіліне аударыңыздар:

- организм –
- моча –
- мышцы –
- кислород –
- трахея –
- брюшная полость –
- гортань –
- пищевод –
- скелет –
- проток, серцевина –
- мочеточник –

Аударма тәсілі қолданылған тапсырманы тест түрінде беруге де болады.

Мысалы:

\*!«Клетка» сөзінің дұрыс аудармасы

\*+жасуша

\*қарынша

\*құлақша

\*қалқанша без

\*шырышты қабықша

Енді бұл тапсырманы сәл күрделендіріп беруге де болады. Мысалы:

\*!Дұрыс аударылған сөз тіркесі

\*плечевой пояс – төбе сүйегі

\*теменная кость – иық белдеуі

\*+плечевая кость – тоқпан жілік

\*затылочная кость – жамбас сүйегі

\*большеберцевая кость – тоқпан жілік

Осындай тапсырмаларды орындау үшін студент мамандығына байланысты термин сөздердің аудармасын білуі тиіс. Тест тапсырмаларын орындау кезінде, жалпы сабақ барысында студент орысша-қазақша медициналық терминдер сөздігіне жүгінеді. Мысалы, студент бірінші тест тапсырмасына ұқсас тапсырмаларды орындау үшін бір ғана терминді қарайтын болса, екінші тест тапсырмасын орындау кезінде бірнеше терминді қарап шығуға мәжбүр болады. Енді мұндай тест тапсырмаларын одан әрі күрделендіріп, тұтас сөйлемнің орысшадан қазақшаға дұрыс аударылған нұсқасын табу тапсырылады. Ал осы тәрізді тапсырмаларды орындату арқылы тіл үйренушілердің қазақ тілінің лексикасымен қатар грамматикалық құрылымын қалай білетінен анықтауға болады. Мысалы:

\*!Витамины – биологические активные вещества, необходимые для жизнедеятельности организма

Сөйлемнің дұрыс аудармасы

\*Дәрумендер – биологиялық белсенді заттар ағзаның өмір сүруі үшін.

\*Дәрумендер – қажетті өмір сүруі үшін ағзаның биологиялық белсенді заттар.

\*Дәрумендер - биологиялық белсенді заттар, ағзаның өмір сүруі үшін қажетті.

\*Дәрумендер - өмір сүруі үшін ағзаның қажетті биологиялық белсенді заттар.

\*+Дәрумендер – ағзаның өмір сүруі үшін қажетті биологиялық белсенді заттар

Сонымен бірге аударма жұмысын тек тест түрінде ғана емес, тұтас мәтіндерді аударту арқылы жүргізуге болады. Мәселе мәтіндегі ойды дәл жеткізе білуде. «Аударма әрекеті – аудармашының когнитивті-коммуникативті іс-әрекеті болғандықтан, оның туындысы – аударма – түпнұсқаның мазмұны мен эмоционалдық, стильдік реңін бұзбай жеткізуі қажет».[3, 22-23].

Аударма жасау барысында әр тілдің өзіне тән ерекшелігін естен шығармау керек. Мысалы, қазақ тілін дұрыс меңгермеген кейбір студенттер «у меня есть старший брат» деген сөйлемді қазақша «менде үлкен аға бар» деп аударады. Немесе «На улице идет снег» деген сөйлемнің бірнеше нұсқасын жасауға болады: *Көшеде қар келе жатыр! Көшеде қар жауып! Далада қар жауып жатыр/ тұр.* Алғашқысы – калька компоненттерге құрылған сөзбе-сөз аударма; екіншісінде ауызекі сөйлеу тіліне тән ерекшеліктер бар. Соңғы вариант – түпнұсқаға толық сәйкес келетін дәлме-дәл балама аударма болып табылады; бұлай деуімізге себеп – қазақ ұлтының концептілік ұғымына, сыртқы дүниені қабылдау, пайымдауынан қалыптасқан тәжірибесіне негізделген тілдік бірліктер алынған (шынайы қазақы ұғым үшін тұрғынжайдан тысқарының бәрі «дала», сондықтан әрдайым «далада» деп айтылады), іс-әрекеттің дәл осы сәтте жүріп жатқандығын көрсететін тұлға (жауып тұр) жұмсалған. Лингвомәдени құзыретке ие аудармашы нұсқалардың үшіншісін ғана таңдайды, соңғы вариант түпнұсқадағы ақпараттың мазмұнына сәйкес, қазақ әдеби тілінің нормалары сақталған, қабылдаушының ұғымына сәйкес келетін дәлме-дәл балама болып бағаланады.

Қорыта айтқанда, дәлме-дәл аударма жазбаша тәржімаға көбірек тән; аудармашы бірнеше варианттардың қатарынан дәлме-дәл баламаны таңдай алады [3 37].

Студенттің болашақ мамандығына қатысты мәтінді таңдап алып оқытушы алдымен өзі үйде мәтінді аударып алу керек. Сонан соң мәтіндегі аударылуы қиын сөздер мен сөз тіркестерінің, кейбір синтаксистік оралымдардың аудармасын берген жөн. Оқытушы өзі аударып алу керек деген студенттің аудармасы оқытушыныкімен бірдей болып шығуы тиіс деген сөз емес. Тіпті майталман аудармашылардың өздерінің де аудармалары бірдей болып шықпайды. Бұл жерде әр аудармашының өзіндік стилі болатынын да естен шығармау керек.

Студенттерге тапсырма ретінде орыс тілінде жазылған дәрі-дәрмектер нұсқаулықтарын немесе әр түрлі жарнамаларды аудартуға болады. Оның себебі қазақ тілді оқырмандар үшін дәрі-дәрмектердің ішіндегі нұсқаулықтардың аудармалары өте маңызды. Қазіргі кезде көп жағдайда дәрілердегі нұсқаулықтардың қазақша аудармасы түсініксіз болып жататыны рас.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін тұмау мен суық тиюге қарсы қолданылатын «Инсти» шөп шайының орысша және қазақша нұсқаларына назар аударайық. Орысшасы: «Травянные гранулы «Инсти» являются оптимально сбалансированным составом тщательно выбранных растений, имеющих мощное болеутоляющее, жаропонижающее, отхаркивающее и противовоспалительное действие». Қазақша аудармасы: ««Инсти» шөп шайы ауруды басатын, дене қызуын басып, қақырықты түсіретін және іркілуге қарсы күшті әсері бар мұқият таңдап терілген өсімдіктердің оңтайлы теңестірілген құрамы болып табылады». Аудармада орысша нұсқаудағы ой сақталғанымен, сөйлемнің грамматикалық құрылысында селкеулік болғандықтан, түсінуге ауырлау. Яғни, сөйлемде анықтауыш пен анықталушы сөздердің, пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің қазақ тілінің заңдылығына сәйкес келмеуі ұғымды ауырлатып тұр. Егер бұл сөйлемді: ««Инсти» шөп шайы (түйіршіктері) ауру сезімін басатын, дене қызуын төмендететін, қақырық түсіретін және іркілуге қарсы күшті әсері бар өсімдіктердің мұқият таңдап теріліп, оңтайлы теңестірілген құрамы болып табылады», – деп аударылса, қазақ тілді тұтынушыға әлдеқайда түсінікті, жатық болар еді.

Оқытушы аудармадағы осындай қателіктерді көрсете отырып, студенттердің қазақ тілінің грамматикалық құрылысының ерекшеліктерін меңгеруіне, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін білуіне ықпал етеді.

Аударма арқылы тіл үйрету үшін оқытушының өзі де аударма теориясын жақсы білуі тиіс. «Әрбір ғылым тәрізді аударма теориясы да – тәжірибе барысында жинақталған фактілердің, теориялық ізденістер жүйесінің нәтижесі. Ол, сондай-ақ, түпнұсқа мен аударма мәтіндер аралығындағы байланыс заңдылықтарын реттейтін және әдістеменің жалпы мәселелері мен аударма техникасын қарастыратын ғылыми бағыт» [4, 10-11].

**Қорытынды:** Аударма тәсілін тіл үйрету барысында пайдаланғанда жоғарыда айтқанымыздай тіл үйренушілердің деңгейлерін ескерген жөн. Қазақ тілін білу деңгейі төмен болып есептелетін тіл үйренушілерге онша күрделі емес, жеңіл әрі күнделікті тұрмыста қолданылатын сөздер мен сөз тіркестері, синтаксистік оралымдардан тұратын жай сөйлемдерді аударту қажет. Ал қазақ тілін білу деңгейі жоғары студенттерге күрделі мәтіндерді беруге болады. Күрделі мәтіндерді аудару барысында олардың сөздік қорлары молаяды, қазақ тілінің грамматикалық құрылысы туралы білімдері одан ары толыға түседі. Әрине, мұның барлығы оқытушының жетекшілігі арқылы, оның жол сілтеуі арқылы жүзеге асады. Қорыта айтқанда, тіл үйрету барысында аударма тәсілін кеңінен қолдануға болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Жүнісбек Ә. «Қазақ-орыс» әліпбиі ме әлде «орыс-қазақ» әліпбиі ме?: <http://mtdi.kz/>
- 2 «Алматы ақшамы». -2010. - №135 (4226).
- 3 С.Құлманов Аударманың өзекті мәселелері. – Алматы: Palitra-Press, 2015. – 296 б.
- 4 Тарақов Ә., Жақсылықов А., Мұсалы Л., Адаева Е. Аударма теориясы. – Алматы: Қазақ Университеті, 2013. – 132 б.

**З.А. Абдуллина, Т.Қ. Зайсанбаев, Б.Н. Канленова**

*Казахский Национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова,  
Кафедра казахского языка и профессионального казахского языка*

#### ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МЕТОДА ПЕРЕВОДА В ОБУЧЕНИИ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

**Резюме:** В статье З.А.Абдуллиной, Т.Қ.Зайсанбаева и Б.Н.Канленовой, название которой «Использование метода перевода в обучении казахского языка» говорится о переводе, как один из способов обучения казахского языка в русскоязычной аудитории. Авторы статьи всесторонне рассматривают как применять способ перевода на практических занятиях при обучении казахского языка. Знание слов-терминов, которые относятся к будущей профессии обучающихся можно проверить с помощью тестовых заданий. Авторы указывают несколько видов таких тестовых заданий. А также авторы приводят конкретные факты того, как нужно особо обратить внимание на синтаксическую структуру особенности каждого языка.

**Ключевые слова:** словосочетания, текст, тестовые задания, перевод, способ перевода, языковая особенность.

**Z.A.Abdullina, T.K.Zaisanbaev, B.N.Kanlenova**  
*Asfendiyarov Kazakh National medical university,  
Department of Kazakh language and professional Kazakh language*

#### **USING OF TRANSLATION METHOD IN EDUCATION OF KAZAKH LANGUAGE**

**Resume:** Article written by Z.A.Abdullina, T.K.Zaisanbaeva and B.N.Kanlenova named "Using of translation method in education of Kazakh language" talking about translating is that one of the way of learning Kazakh language in Russian talking auditory. Authors of article comprehensively consider how to use the way of translation on practical lessons during Kazakh learning lesson. Knowledge of words-terms, which relates to future job can be checked by tests. Authors point different types of tests. Also authors cite a specific facts that how important pay attention on syntax structure and advantages of each language.

**Keywords:**word combinations, text, test tasks, translation, translation method, language feature